

Дүтбаева, Н.

Евней публицистикасы / Н.Дүтбаева // Қазақ әдебиеті. - 2005. - 17-23 маусым (№24).



«Қазақ публицистикасының өсіп-өркендеу тарихына зер салар болсақ, зерттеушілеріміздің тек тікелей баспасөзде қызмет істеген немесе сол арқылы шығармаларын кеңірек насихаттаған халқымыздың бірегей қаламгерлерінің (акын-жазушы, журналисттерінің) мұраларын негізгі объекті ретінде қарастырып, ғылыми тұрғыдан баға беріп келген».

Бұл - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті баспасынан шығарылған «Евней Букетов — публицист» атты кітаптың алғы сөзінде жазылған ой. Осылай деп басталған оқу құралы халқымыздың бірегей қаламгері Евней Букетовтың публицистикалық мұраларын зерттеп, оны ғылыми талдауды мақсат етіпті. Ол академиктің 1953—1983 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми-публицистикалық шығармалары мен кейінгі жылдардағы баспасөзде, ғылыми басылымдарда жарияланған материалдарын қамтиды. Кітап авторы филология ғылымының кандидаты Қойлыбай Асанұлы бұл кітапты жазу барысында Букетовтың шығармашылығымен жіті әрі мұқият танысқандығын аңғартады. Осы ізденіс нәтижесінде зерттеуші Евней Букетовтың публицистикасын тақырыптық тұрғыдан жіктеп, оның деректілігі мен дәйектілігіне тоқталып, көтерген проблемаларының өміршендігін дәлелдеп көрсетеді. «Е.А. Букетов публицистикасындағы азаматтық позиция» атты тарауда, публицист шығармашылығындағы ой мен тіл үйлесімі және публицист шығармаларындағы психологизм деп өзі зерттеп отырған ғалымның шығармашылығына әр қырынан тоқталады. «Е.Букетов публицистикасы дәуір талғамына сай, соны пайымдау жаңа ұғымда айтылуы жағынан қазақ публицистикасының көсемдері А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, М. Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің дәстүрлі сабақтастығын жалғайды», — дейді автор. Және оның өзіне тән жазу ерекшеліктеріне тоқталады. Сөз соңында автор Қойлыбай Асанұлы: «Біз зерттеуімізде Е. Букетовтың тек бір қырын ғана оның публицистік қарым-қабілетін, қазақ публицистикасында алатын орнын көрсетуді мақсат еттік», — дейді. Автор өзі айтып отырғандай, алға қойған мақсатының үдесінен шыққан. Кітап — Букетовтану ғылымына қосылған үлес.